

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 368 және 2000 жылғы 31 шілдедегі N 1165 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 413 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 наурыздағы № 160 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 368 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 12, 99-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы ережеде:

6-тармақта "Ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Қасейінов - Қазақстан Республикасының

Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет министрі, төраға

Қойгелдиев - Қазақстан Республикасы

Мәмбет Құлжабайұлы Білім және ғылым министрлігінің

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих

және этнология институтының

директоры, төрағаның орынбасары

Омаров - Қазақстан Республикасының

Бауыржан Жұмаханұлы Мәдениет министрлігі Тілдерді

дамыту жөніндегі департаментінің

директоры, хатшы

Сейдімбек - Қазақстан Республикасы

Ақселеу Сланұлы Білім және ғылым министрлігінің
Л. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры
мынадай:

"Керімбаев - Қожа Ахмет Йассауи атындағы
Есенгелді Халықаралық қазақ-түрік
университетінің профессоры
(келісім бойынша)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Керімбаев - Қазақстан Республикасы
Есенгелді Білім және ғылым министрлігінің
М. Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік
университетінің профессоры";

көрсетілген құрамнан: Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед, Арыстанбек
Нұрмаханұлы Нұрмаханов, Телқожа Жанұзақов, Анатолий Степанович Гурский
шығарылсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970
қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі